

"Заманауи педагогикалық технологиялар" жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтар оқытушыларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 16 ақпандағы № 152 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 261 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 7 маусымда № 18813 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Заманауи педагогикалық технологиялар" жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтар оқытушыларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 16 ақпандағы № 152 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 14 наурызда № 13445 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 наурыздағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтары оқытушыларына арналған "Жаңартылған білім беру мазмұны аясында жоғары оқу орындарындағы заманауи педагогикалық технологиялар" педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына 1-қосымшада:

1.1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1.1	Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 12 сәуірдегі "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты бағдарламалық мақаласы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы "Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 қадам" бағдарламасы. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.	2 - - - - - 2
-----	--	---------------

";

Жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтары оқытушыларына арналған "Жаңартылған білім беру мазмұны аясында жоғары оқу орындарындағы заманауи педагогикалық технологиялар" педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына 2-қосымшада:

1.1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1.1	Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 12 сәуірдегі "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты бағдарламалық мақаласы. Қазақстан Республикасының Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы "Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 қадам" бағдарламасы. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.	2 - - - - - 2
-----	---	---------------

”.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электронды түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ф.Н. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.